

«Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі  
«Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі» кафедрасы

# Презентация

Тақырыбы: Мейіргердің функциялық міндеттері.

Орындаған: Мамахан Д.Қ.

Тобы: С-МІҚ11.01.19

Тексерген: Нишанбаева А.Б.

# Жоспар

- Кіріспе

- Негізгі бөлім

*А) Мейірбикенің функционалды міндеттері.*

*Б) Мейірбикелік процесс туралы түсінік.*

*В) Мейірбикелік науқас сырқатнамасын жүргізу.*

**Қорытынды**

- Пайдаланылған әдебиеттер

Мейірбикелік іс — денсаулық сақтау жүйесінің құрамдас бөлігі, ол денсаулықты күшейту қызметін, аурудың алдын алуды, физикалық және психикалық ауруы бар, тіпті еңбекке жарамсыз барлық топтағы ересектерге психосоциальдық көмек беруді және адамдарды күтімді деуді қамтиды. Мейірбикелік іс денсаулыққа әсер ететін, ауру, жұмысқа жарамсыздық және өлім тудыратын физикалық, ақыл-ой, қоғамдық көріністерді өз ішіне алады.



## **Функционалдық диагностикадағы мейірбикенің қызметтік міндеттері:**

- **Функционалдық диагностика бөлімінің дәрігері белгілеген диагностикалық шараларды жүргізу;**
- **Функционалдық диагностикалық зерттеулер жүргізу;**
- **Диагностикалық және қосымша аппараттарды жұмысқа дайындау;**
- **Техника қауіпсіздік ережелерін сақтау;**
- **Аппараттың сақталуын және күтімін қадағалау;**
- **Науқасты аппаратта зерттеуге дайындау. Функционалдық зерттеу барысында науқас жағдайын қадағалап отыру;**
- **Науқас және медперсоналдың инфекциялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;**
- **Медициналық және басқада қызметтік құжаттарды уақытылы және сапалы орындау;**
- **Науқастарды тіркеу және жүргізілген зерттеулерді тіркеу журналына енгізу;**
- **Науқастармен қарым қатынаста моральдық-құқықтық нормаларды сақтау;**
- **Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі көмекті көрсету;**
- **Санитарлық-эпидемиологиялық режим тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін сақтау;**



## **Функционалдык диагностикадагы мейірбике кұқылы:**

1. Кіші мейірбикенің жұмысын бақылау, оларға қызмет аясында бұйрық беру және орындалуын талап етуге құқылы.
2. Өзінің міндет құқығын орындау мақсатында нормативтік-құжаттарды ақпараттық мәліметтерді қолдануға және талап етуге құқылы.
3. Ғылыми-тәжірибелік конференцияларға және жиналыстарға қатысуға құқылы.
4. Сәйкес квалификациялық категория алу үшін белгілі тәртіп бойынша аттестациядан өтуге құқылы.
5. 5 жылда 1 рет жетілдіру курстарына қатысып біліктілігін арттыруға құқылы.

**Мейірбикелік үрдіс** – кәсіптік бикелік күтімді ұйымдастыру мен орындаудың ғылыми әдісі.

**Мейірбикелік үрдістің мақсаты** – ауру қалпындағы өмірді қолайлы қасиеттермен қамтамасыз ету, яғни емделушіні физикалық, психологиялық - әлеуметтік және рухани тыныштықпен толық қамтамасыз ету, басқаша айтқанда: емделушінің ағзасындағы 14 негізгі қажеттілікті қанағаттандыру, науқас тәуелсіздігін қолдау және қалыпқа келтіру.

## Медбикелік үрдіс кезеңдері

*Медбикелік үрдіс 5 кезеңге бөлінеді:*

1. Емделушінің денсаулығы жайлы ақпарат жинау;
2. Медбикелік диагноз (диагностика);
3. Күтімді жоспарлау;
4. Жоспарлауды жүзеге асыру;
5. Көрсетілген күтімнің нәтижесін бағалау.

1-кезең

## Емделушінің денсаулығы жайлы ақпарат жинау және бағалау

Науқас туралы ақпарат көзі:

- Емделушіден сұрастыру
- Емделушінің мүшелерін және жүйелерін физикалық тұрғыдан тексеру
- Дәрігермен сұхбаттасу
- Емделушінің туысқандарымен сұхбаттасу
- Медициналық әдебиетті және күтім бойынша арнайы әдебиеттерді оқу.
- Емделушінің ауру тарихымен танысу



Медбикелік тексеру дәрігердің тексерумен алмаспайтын, тәуелсіз болып келеді, яғни дәрігер мен медбике өз жұмыстарында түрлі мақсаттарды көздейді.

Дәрігердің міндеті – дұрыс диагноз қойып, ем тағайындау.

Медбикенің міндеті – емделушіні толық ыңғайлы жағдайды қамтамасыз ету, өзінің медбикелік міндетімен шектелген көмегін беру. Мейірбикеге аурудың сыртқы көріністері маңызды. Мысалы: демікпе, жөтел, қорқыныш сезім.



## 2-кезең

# Медбикелік диагноз (диагностика)

Медбикелік диагноз түсінігі алғаш рет XX ғасырдың 50-ші жылдары ортасында Америкада пайда болып, 1973 жылы ресми және заңды тұрғыда бекітілді. Медбикелік диагноз – емделушінің физиологиялық және психологиялық өмірлік маңызды қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған симптомдық немесе синдромдық диагнозы.



# Дәрігерлік және медбикелік диагноздың айырмашылығын сипаттау

## Дәрігерлік диагноз

- Ағзадағы нақты аурудың патологиялық процестің негізін айқындайды
- Түрлі мүшелер мен жүйелер қызметінің бұзылуы мен олардың себебін яғни пато-физиологиялық, патолого-анатомиялық өзгерістерін анықтау
- өзгермейді

## Медбикелік диагноз

- Ағзадағы терең патологиялық процеске емделушінің сыртқы жауапты реакциясын суреттейді
- Адамның негізгі қажеттіліктері қамтамасыз етудің бұзылуы қызмет көрсетудің бұзылуының нәтижесі ретінде, яғни ең бастысы емделушінің өз денсаулығы жайлы түсінік
- бірнеше рет өзгереді

## 3-кезең

# Мейірбикелік көмекті жоспарлау

Медбике емделушінің күту жоспарын құрады. Жоспар міндетті түрде нақты болу керек. Жоспарлау барысында әр артықшылықты мәселені, күтімнің мақсаты мен жоспарын тұжырымдайды. Мақсатты екі себептен белгілеу қажет:

- жеке медбикелік қатысудың бағытын көрсетумен;
- қатысу нәтижесі дәрежесін анықтаумен.

### *Мақсат қоюдың талаптары*

- мақсаттар орындалатын, қол жетерліктей болу керек.
- әр мақсаттың орындалу мерзімін нақты белгілеу қажет.

Жоспар түрлері:

- Қысқа (1 аптадан кем емес) мерзімді- қысқа уақыт ішінде орындалады. әдетте аурудың жедел түрінде, мысалы уланғанда асқазанды жуу.
- Ұзақ (апталар, айлар) мерзімді- ұзақ уақыт бойы орындалады. Олар асқынулардың алдын алуға, бейімделуге т.б. бағытталған.

### *Әр мақсат 3 компоненттен тұрады*

- іс-қимыл;
- белгілері: күні, уақыты, ұзақтығы;
- шарты – кімнің (ненің) көмегімен.



Күтім жоспарын құрастырғанда медбикелік істің стандартын басшылыққа алады.

Стандарт дегеніміз – берілген медбикелік мәселе бойынша сапалы күтіммен қамтамасыз ететін шаралар тізімі.

Стандарт медбикеге көмек ретінде жасалады, ол оның «шпаргалкасы» сияқты. Бірақ стандартта түрлі клиникалық жағдайларды алдын-ала ескеру мүмкін емес. Сондықтан оны ойланбастан қолдануға болмайды.

Медбике мақсаттарын анықтап, күтім жоспарын құрғаннан кейін сол іс - әрекеттерімен емделушіні таныстырып, оның келісімін алады және емделушімен бірге мақсатқа жету жолдарын анықтайды. Күтім жоспары міндетті түрде медбикелік тарихта жазылуы керек.

## 4 кезең

# Жоспарлауды жүзеге асыру

Медбикелік іс- әрекет 3 түрлі қатысуды жоспарлайды:

- тәуелді
- тәуелсіз
- өзара тәуелді

Тәуелді – дәрігердің нұсқауымен орындалатын медбикенің іс-әрекеті, мысалы әр 4 сағат сайын антибиотиктер инъекциясын салу, таңғышты ауыстыру, асқазанды жуу т.б.

Тәуелсіз – дәрігердің нұсқауынсыз өз ойымен қабылдаған және өз ықыласымен жүзеге асырылатын іс-әрекеттер.

Мысалы:

- емделушінің өзін-өзі күтуіне көмек көрсету.
- емделушінің денсаулығы жөнінде кеңес беру;
- емделушінің бос уақытын ұйымдастыру;
- емделушінің күнделікті белсенділігі мен демалысын дұрыс ұйымдастыру жөнінде нұсқау беру т.б.

Өзара тәуелді қатысу – дәрігер немесе денсаулық сақтау жүйесінің басқа маманымен бірлесіп қызмет ету.

## 5-кезең

# Көрсетілген күтімнің нәтижесін бағалау

Медбике қойылған мақсаттарға жетіп, мәселе шешілген болса, бұл мақсаттың астына қолын қойып, күнін белгілеп растайды, егер мақсат орындалмаса, мейірбике оның себебін іздестіреді. Кеткен қателікті табу үшін медбикелік процесс қайталанады.

Мейірбикелік процесс – медбикелік істің ғылым ретінде дамып, өсуін қамтамасыз етеді, медбикелік істі дербес мамандық ретінде қалыптастырады емделушілерге сапалы күтім ұсынады.



# Қорытынды

**ы.**

Медицинада науқастың денсаулығына дәрігерден кем жауап бермейтін орта буын қызметкер – мейірбике екенін бәріміз де білеміз. Ия, науқасқа сырқатының салдарын тауып, оның емдеу жолдарын айқындап беруде дәрігер бағыт-бағдар берсе, оның әрі қарай емделіп, пациентке ықыласы мен мейірімін төгіп, олардың көңіл-күйіне әсер ететін медициналық көмек көрсететін ол - мейірбике. Науқастың жай-күйі мейірбикелердің жанкешті еңбектеріне тікелей байланысты. 80% науқастың емін тауып кетуіне септігін тигізетін мейірбикелер десек артық айтпағанымыз.



# Пайдаланылған

## әдебиеттер

1. “Мейірбике ісіндегі менеджмент және әкімшілік үрдіс”  
Төлебаев Ж.С., Сыздықова К.Ш., Тасмағанбетова А.А.,  
Авгамбаев Н.Н. Алматы, 2012
2. Основы сестринского дело/ Т.П.Опуховец, О.В. Чернова  
Москва-2011г
3. Санов С. Науқас адамдарды жалпы күту Қарағанды, 2013ж
4. Мұратбеков С.К. Мейірбике ісі негіздері Астана, 2007ж
5. Биназаров Н.Д. Мейірбике ісінің негіздері Алматы, 2004ж
6. Интернет желісі